

Бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Аманкелді ауданы мәслихатының 2013 жылғы 18 ақпандағы № 104 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 19 наурызда № 4069 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Аманкелді ауданы мәслихатының 2018 жылғы 14 ақпандағы № 191 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Аманкелді ауданы мәслихатының 14.02.2018 № 191 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 422-бабына сәйкес Аманкелді аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қызметін Аманкелді ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін айына бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезекті алтыншы
сессия төрағасы*

М. Қарқабатов

*Аудандық
мәслихат хатшысы*

Ә. Саматов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігі Салық комитетінің
Қостанай облысы бойынша Салық
Департаментінің Аманкелді ауданы
бойынша Салық басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ М. Сейткамалов

Мәслихаттың
2013 жылғы 18 ақпандағы
№ 104 шешіміне қосымша

Қызметін Аманкелді ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін айына бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері

Реттік нөмірі	Салық салу объектісінің атауы	Айына бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіштерде)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3